

Көкпекті ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 9 наурыздағы № 61 "Көкпекті ауданындағы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы

Абай облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 24 сәуірдегі № 187 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 25 сәуірде № 270-18 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27- бабына сәйкес, Көкпекті ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көкпекті ауданы әкімдігінің "Көкпекті ауданындағы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" 2017 жылғы 9 наурыздағы №61 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4928 болып тіркелген) қаулысын күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көкпекті ауданының әкімі

Д. Оразбаев